

Кензикеев Руслан Владимировичтің
6D040600 – Режиссура мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстанның түркі халықтарының
дәстүрлі би режиссурасы және сахналық интерпретациясы» атты
диссертациясының мәтініне

АННОТАЦИЯ

Зерттеудің өзектілігі бірқатар жайттармен шартталған, біріншіден, кәсіби театр сахнасында аса айқын білінетін, хореографиялық мәтінде жаңа көркем құралдарды (пластикалық идея, би лексикасы, музыкалық дүниетаным, сценография, орындаушының даралығын) бақылау, анықтау әдісін талап ететін көркемөнер туындысының жаңа үлгілері, жаңа ағымының пайда болуы; шеберлікті салыстырып талдау және режиссер-хореограф, балетмейстердің қойылымдық жұмысы кезінде музыкалық-драма және музыка театрының білімдерін пайдалану; оның шығармашылығының беталыс бағыттарын айқындау; оның театрлық үрдіс ықпалына мәні.

Екіншіден, Қазақстан Тәуелсіздігін алғаннан кейін орын алған әлеуметтік-мәдени өзгерістер түркі халықтарының хореографиялық өнеріндегі дәстүрлі және қазіргі заманғы мәдени өзара қатынас проблемаларының қарастырылуын талап етеді. Түркі халықтарының дәстүрлі биінің этномәдени ерекшелік проблемаларын зерттеу бұл тақырыптың жеткілікті зерттелмеуімен шартталған этнографиялық қызығушылық болып табылады.

Елде әлеуметтің ұлттық-мәдени өркендеуі үшін әлеуеттің жоғарылығынан дәстүрлі және көркемөнер мәдениеттерінің трансляциялану, Республиканың этникалық халқының тарихи мұрасын қалпына келтіру мәселелері күн тәртібіне заңды қойылады, оларды шешу үшін одан әрі тәжірибеде қолдану мақсатында терең ғылыми зерттеу жүргізу керек.

Қазақстанда тұратын түркі тілдес этностардың халық биінің ерекшеліктерін зерттеу түркі әлемнің би мәдениетінің ғаламдық кеңістіктегі феноменін түсіну кілті бола алады. Бұдан басқа, түркі халықтарының дәстүрлі биін сахнада қою және интерпретациялау барысында қоюшы режиссерден ғылыми-шығармашылық мағына беру, этникалық құндылықтардың қалыптасуын зерттеу, этнос аралық коммуникацияны зерттеу, театрлық көріністің барлық элементтерінің шығармашылық негізде ұйымдастырылуын зерттеу сияқты бірқатар міндеттерді шешу кезінде талдау жасалуы тиісті.

Зерттеу объектісі. Қазіргі заманның ежелгі дүниетанымдық көзқарастар негіздерімен мирасқорлық байланысының репрезентанты болып табылатын, Қазақстан аумғында тұратын түркі халықтарының би мәдениеті аясындағы хореография режиссурасы.

Зерттеу пәні. Түркі халықтарының пластикасы ерекшеліктері қазіргі заманғы ұлттық хореография режиссурасының және Қазақстанның түркі халықтарының дәстүрлі биінің сахналық интерпретациясының даму ресурсы ретінде.

Диссертацияның мақсаты. Би мәдениетін қалыптастыру және дамыту шеңберінде Қазақстанның түркі халықтарының дәстүрлі би режиссурасының және сахналық интерпретациясының ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

- Қазақстанның балетмейстерлік өнерінің даму аясында түркі халықтарының кәсіби сахнадағы дәстүрлі биінің дамуына тарихи-теориялық талдау жүргізу; би мұрасын сақтау проблемаларын, пластикалық палитраны байыту көзі ретінде фольклорлы би дамуының негізгі бағыттары мен келешегін көрсету;

- түркі халықтарының дәстүрлі биіне кросс-мәдени жіктеу ұсыну; дәстүрлі дүниетаным мен мифологиялық сана үлгілерінің би өнеріне ықпалын анықтау;

- дәстүрлі мәдениет семантикасын қарастыру, петроглиф мұрасы, қабырғаға салынған сурет және режиссерлік ойды іске асыру ізденісінде маңызды рөл атқаратын өзге артефактілер негізінде бейнелер мен көне бидің өзара байланысын зерделеу;

- дәстүрлі би және би ойындарын қоюдың негізгі режиссерлік және балетмейстерлік әдістерін талдау; түркі халықтарының «би-ойын мәдениетіндегі» бірегей элементтерді іздеу және ойын мен бидің өзара іс-қимылын талдау үшін теориялық база ретінде ойынның негізгі концепцияларын айқындау;

- спектакльдер, хореографиялық қойылымдарды құру үрдісін қарастыру және мемлекеттік театрлар, елдің халықтық және әуесқой ансамбльдеріндегі хореограф-режиссердің орнын айқындау. Осыған орай, түркі халықтарының мәдениетіндегі жаңа ағымды бейнелейтін дәстүрлі би эволюциясын ашып көрсету;

- халықтық-сахналық би құруда балетмейстердің режиссерлік қызметінің жаңашылдығын анықтау, сахналық хореографияның әртүрлі үлгісіндегі дәстүрлі би, ойынның даму динамикасын бақылау.

Проблема. Режиссер-хореограф, балетмейстердің шығармашылығының танылуының кейбір аспектілері сахналық бидің даму беталыстары мен бағыттарын бақылау мүмкіндігін беретіндіктен, пластикалық тілді байыту проблемасын, бейнені ашудағы эмоционалдық жағдай қозғалысының динамикасын шешуге болады. Сол уақытта режиссер-хореограф халықтық, дәстүрлі мәдениетпен байланысты жоғалтпай, өз уақытында «индикатор» және хореографиялық мұраның сақтаушысы бола тұра, сахналық интерпретациядағы фольклорлы биді меңгеруге және бейімдеуге тырысады.

Болжам. Режиссер-хореограф экспериментінің сәттілігіне, түркі халықтарының дәстүрлі биінің сахналық интерпретациясында инновациялық идеяларды пайдалануына қарай, Қазақстанның хореографиялық өнерінің

жалпы даму деңгейіне тәуелді болады, жаңа кәсіби хореографиялық қойылымдардың жарыққа шығуына себепші болады. Осының барлығы шығармашылық ізденіс диапазонын кеңейту, әрбір халықтың би мәдениетінің ерекшелігін сақтай отырып, режиссердің көркемөнер ойын жүзеге асыру мүмкіндігін береді.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Диссертациялық зерттеу балетмейстерлік өнеріне назар аударған балеттанушылар, балет сыншылары, режиссер-хореографтар, музыкатанушылар, театртанушылардың кең деректанулық және ғылыми материалдарын басшылыққа алады.

Орта ғасырлық Шығыстың алғашқы кезеңіндегі ұлттық би өнерінің дәстүрлі қабаттарын ашып көрсетуге арналған аса құнды дереккөз Л. Авдееваның «Из истории узбекской национальной хореографии. Книга первая. Узбекское традиционное танцевальное искусство с древнейших времен до 2000 года» атты ғылыми еңбегі және қазақстандық зерттеуші Г.Саитованың «Уйгурский сценический танец (на материале спектаклей и концертных программ Уйгурского театра г. Алматы)» тақырыптағы кандидаттық диссертациясы болып табылады.

Д. Клеменц, А. Стейн, А. Грюнведель және А. Лекко, С. Ольденбургтың жұмыстарындағы зерттелген археологиялық деректер негізінде Орта Азия, Қазақстан және Шығыс Түркістан аймақтарындағы бидің бастауы мен даму ерекшеліктері талданды.

Оңтүстік Сібірдің түркі халықтарының әдет-ғұрыптары, әртүрлі мерекелер өткізу салты, биі П. Палас пен И. Георгидің еңбектерінде сипатталған.

Балет спектакльдеріндегі шығыс поэзиясы, әртүрлі кезеңдегі орындаушылар, жаңашыл балетмейстерлер туралы материалдар В. Ванслов, В. Гаевскийдің жұмыстарында атап көрсетілді.

Біз үшін төмендегідей ғалымдардың еңбектері аса маңызды: хореография режиссурасы бойынша – Ж-Ж. Новерра, А. Левинсон, Ю. Слонимский, В. Красовская, О. Розанова, Г. Алексидзе, П. Карп; балеттану бойынша – С. Худеков, С. Филатов, С. Бекин, Л. Блок, М. Фокин, Ф. Лопухов, К. Голейзовский, И. Моисеев, А. Ваганова, В. Гаевский, Г. Лебедева, Е. Валукин, А. Демидов, Р. Уразгельдиев, Б. Аюханов, Л. Сарынова, С. Кузембаева, Г. Жумасеитова, Э. Есырева, А.Садыкова; ұлттық билер бойынша – Т. Ізім, А. Шанкибаева (қазақ биі), З. Рахматуллина, Л. Нагаева (башқұрт биі), Г. Сайтова (ұйғыр биі), А. Лукина және Н. Стручкова (якуттардың дәстүрлі биі), М. Кудаева (қарашай-балкар биі);

- Қазақстан археологиясы, тарихы және лингвистикасы негізінде – А. Марғұлан, А. Марьяшев, А. Медоев, З. Самашев, Г. Омаров, Г. Айдаров.

- театр тану және музыка тану бойынша: Б. Құндақбаев, А. Кадыров, С. Кабдиева, А. Еркебай, А. Мукан, А. Жубанов, Е. Ерзакович, Б. Сарыбаев, С. Кузембаева, А. Мухамбетова, Г. Бегалинова;

- дәстүрлі қазақ мәдениеті мен этнографиясы, тарихы бойынша В. Басилов, А. Акишев, М. Муканов, Г. Шалабаева, Б. Масанов, С. Шкляева, Ж. Молдабеков;

- түркі халықтары тарихы бойынша Л. Гумилев, Р. Рахманалиев, Ю. Зуев, Н. Бакина, А. Камалов, М. Аджи;

- дінтану бойынша Л. Леви-Брюль, Б. Малиновский, М. Мосса, К. Кереньи, Дж. Фрэзер, К. Юнга, П. Пави, С. Макаров, А. Анисимов, Н. Аюпов;

- ресейлік театр тану бойынша Вс. Мейерхольд, А. Аникст, Г. Бояджиев, В. Даркевич, В. Колязин, М. Андреев, И. Климова, М. Реутин, М. Бахтин, А. Авдеев, С. Мокульский, А. Гвоздев, А. Пиотровский, А. Морозов, Л. Варпаховский, М. Местечкин;

- ойын мен бидің шығу тегінің мәселелері, әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі рөлі мен орны, шығу тегі бойынша: А. Герасимова, Й. Хейзинга, Н. Осинцева, М. Каган және басқалары.

Зерттеу әдістері. Жұмыста мынадай зерттеу әдістері пайдаланылады: өнертанулық, салыстырмалы және тарихи-салыстырмалы, лингвистикалық-салыстырмалы, типологиялық, классификациялау, құрылымдық-семиотикалық талдаулар;

- Астана және Алматы театрларының жетекші балетмейстерлерімен, режиссер-хореографтарымен, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы бойынша этномәдени орталықтарда өткізілетін халықтық-дәстүрлі мерекелер, «Қазақстан Халықтар Ассамблеясы», Үрімші қаласының (ҚХР СҰДР) Синьцзян өнер институтында тағылымдамадан өту кезінде (академиялық ұтқырлық жөнінде) кезінде эмпирикалық сауалнама, бақылау, әңгімелесу жүргізілді.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- бұл Қазақстандағы түркі халықтарының дәстүрлері мен билерінің өзара байланысы тұжырымдамасы аясында хореографиялық режиссурадағы жаңашылдық пен дәстүршілдіктің өзара іс-қимылына теориялық пайымдау жасалған алғашқы зерттеу болып табылады;

- би өнері мен осы саладағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын тұтастай зерделеу негізінде қазақстандық өнер мен этнографиялық ғылымдардың дамуында ерекше маңызы бар түркі халықтарының кәсіби және өз бетімен шұғылданатын би өнеріндегі заманауи формалар мен тарихи конфигурациялар кейбір тұстары реконструкцияланды;

- түркі халықтары мәдениетін трансляциялауға және сақтауға бағытталған, нәтижесі рухани-тәжірибелік қызметті бекітетін хореография сахнасын интерпретациялаудың дәстүрлі, салттық, әдет-ғұрыптық би, би-ойындық қойылымдар үлгісіндегі динамикасын туындаттық;

- хореография режиссурасының технологияларының ерекшелігін талдау негізінде Қазақстан театрларының жетекші және жас балетмейстерлерінің хореографиялық қойылымдарында қолданатын көркемдік бейнені, сондай-ақ, би икемділігі мен оның элементтерін интерпретациялаудың жаңа өлшемі, жаңа бағыты анықталды;

- этномәдени орталықтар (мәселен, қазақ, татар-башқұрт, әзербайжан, түрік, ұйғыр) жанындағы халықтық ұжымдардағы режиссер-хореографтардың жұмысы негізінде қазіргі заманғы және дәстүрлі

хореографиялық би арасындағы генетикалық байланыстар алғаш рет көрсетілді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Түркі халықтарының рухани әлемінің нұсқасы болып табылатын, ұлттық мәдени кодты жинақтайтын, саз, театр жанры арқылы көрініс табатын би өнері режиссер-хореографтан, балетмейстерден түркі халықтарының билерін интерпретациялауда және сахналық қойылымда діни, ритуалды негіздерді концептуалы түрде пайымдауды талап етеді; оның семантикасын, мәдени-философиялық негіздерін, дәстүрлі дүниеге көзқарасты білуді; олардың әр түрлі жаңашыл формаларын іздей білуді қажетсінеді.

2. Түркі халықтарының би өнерінің шығу тегінің тұжырымдамасы Орта және Орталық Азия, Кавказ, Сібір және ҚХР СҰДР-дағы петроглифтерінің артефактілерімен расталған көне сакральді салттардың синкретизміне негізделген.

3. Дәстүрлі түркілік би өнерінде Орта ғасырлық Шығыста ерекше мәнге ие болған би философиясы, діни көзқарастар көрініс табады. Режиссер-хореографтардың Шығыс поэзиясына көңіл аударуы түркі халықтарының философиясы мен би эстетикасын көрсетті, дене икемділігін пайдалану қағидасы (ұлттық, классикалық және қазіргі заманғы би синтезі) балеттің шығыс мәнерін әлем аренасына шығарды.

4. Музыкамен және өнердің басқа түрлерімен органикалық синтезде дами отырған түркілердің дәстүрлі билері мәдени-тарихи эволюциялық үрдістерден өтті және билер көрініс табатын мерекелік шараларда, ойындарда, салттардағы дене икемділіктерінде бірегей ортақ қырлар бар.

5. Отандық хореографтардың қойылымдық жұмыстарының үлгілерінде дәстүрлі билердің, сахналық хореографияның әртүрлі формаларындағы ойындардың, дәстүрлі билердің динамикасы көрініс табады: вокалдық-хореографиялық композициялар, би сюиттері, тақырып бойынша театрландырылған концерттік бағдарламалар, бір актілі балеттерде.

Ғылыми-теориялық маңыздылығы. Бұл диссертацияның маңызы отандық өнертануда түркі тілдес халықтардың би өнерінің теориясын жасаудағы жаңа ғылыми бағытты негіздеуге болатындығымен анықталады, режиссура және этнохореография саласындағы жүйелі білімнің қалыптасуына себепші болады. Диссертацияда ұсынылған теориялық тұжырымдар осы бағытты одан әрі зерттеулер үшін қызығушылық тудырады және Қазақстанның ұлттық театрларында жетілдірілген жаңа режиссерлік хореографиялық тұжырымдамалардың пайда болуына ықпалдасады.

Бұл зерттеу көркемөнер мәдениетінің дамуына, атап айтқанда, хореографиялық өнерді зерттеу саласына белгілі бір үлесін қосады.

Тәжірибелік маңыздылығы. Бұл жұмыстың тәжірибелік маңызы алынған қорытындылар мен нәтижелерді хореографиялық нөмірлердің қойылымы кезінде қолдану мүмкіндігімен айқындалады. Бұдан басқа, диссертация түркі әлемінің халықтарындағы би мәнеріне тән ерекшеліктерін ғылыми негіздегі білімдердің кемшін тұстарын толықтырады, қазіргі заманғы

аудиторияға мұқтаж заманауи ұлттық хореографияны жарқын көркемөнер бейнелерімен байытуға және толтыруға мүмкіндіктер береді.

Диссертацияның теориялық тұжырымдары мен қорытындыларын жоғарғы оқу орындарындағы «Түркі халықтарының би мәдениетінің тарихы», «Әлем халықтарының биі» («Шығыс халықтарының мәдениеті» бөлімінде), «Шығыс биін оқыту теориясы және әдістемесі», «Шығыс биінің композициясы» («Өзбек биі», «Ұйғыр биі», «Тәжік биі» бөлімі) сияқты пәндердің курстарында пайдалануға болады.

Диссертация материалдары Орталық Азия Республикаларымен мәдени байланыстарды көздейтін қызметтегі хореографиялық өнер саласындағы мамандар (орындаушылар, балетмейстерлер, би ансамбльдерінің, ұжымдардың жетекшілері) үшін (кәсіби) қызығушылық тудыруы мүмкін.

Жұмыстың сыннан өтуі. Диссертацияның негізгі тұжырымдары он ғылыми басылымда, оның ішінде, Scopus (Elsevier) компаниясының базасына енетін нөльдік емес импакт-фактордағы шетелдік жинақта, ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған әртүрлі ғылыми журналдарда және халықаралық ғылыми конференциялардың материалдарында жарыққа шықты.

Диссертацияның құрылымы. Талданып отырған материалдың жалпы мазмұны диссертацияның құрылымын былайша айқындады. Жұмыс Кіріспеден, үш тараудан, Қорытынды мен Пайдаланылған дереккөздер тізімінен тұрады. Жұмыс көлемі 133 беттен тұрады.

Кіріспеде зерттелетін тақырыптың өзектілігі негізделеді, диссертацияның мақсаты мен міндеті, ғылыми зерттеу деңгейі және ғылыми жаңалық дәрежесі құрылады, сондай-ақ, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар ұсынылады, диссертацияның ғылыми-теориялық және тәжірибелік маңызы айқындалады.

«Түркі халықтарының биін интерпретациялауды зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші тарау үш бөлімнен тұрады. Бұнда ежелгі заманнан бастап, дәстүрлі этномәдени кодты жалғастыратын би өнерінің ерекшеліктеріне жүйелі талдаулар жүргізілген.

Екінші тарау «Би өнері түркі халықтарының этномәдени ерекшеліктері аясында» деп аталған. Ол үш бөлімнен тұрады, онда тарихи, лингвистикалық, этнографиялық, археологиялық деректер негізіндегі түркі халықтарының би мәдениетінің ұлттық өзгешелігін қалыптастыруға әсер ететін діни көзқарастардың жалпы бейнесі анықталады.

Тарих ғылымының деректерін есепке ала отырып, халықтық-дәстүрлі мерекелердің, ойын-билердің, музыкалық-поэзиялық туындыларының макамат жанрына бірегейлігі айқындалады.

Үшінші тарау «Түркі халықтарының биі қазіргі Қазақстан жағдайындағы театрлық ойын-сауық: режиссура және сахналық интерпретация» деп аталған. Бұл төрт бөлімнен құралған. Қазақстан халықтарының Ассамблеясының, Республиканың этномәдени орталықтарының қазіргі таңдағы қатарласа жүріп отырған қызметін қамтиды. Диссертацияның қорытынды бөлімінде шығыс поэзиясына бет бұрған балетмейстерлердің шығармашылық жұмыстарына талдау жүргізілген,

Қазақстанның оңтүстік және солтүстік астаналарының (Алматы, Астана) режиссер-хореографтарының, балетмейстерлерінің қызметі ішінара сараланады. Түркі әлемі мәдениетінің көркемдік бейнесінің ерекшелігі көрсетілген. Би қойылымдары театрлық спектакль компоненттері екендігі зерттеледі, әртістердің шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған балетмейстерлер мен режиссерлардың жұмысы бағаланған. Концерттік бағдарламалардағы билер қарастырыла келе, аса неғұрлым танымал сахна шеберлері мен орындаушылардың шығармашылық келбеттері мен дара қолтаңбасы сипатталады.

Сахналық бидің даму барысындағы «тыныштық аймақтары» ажыратылып көрсетіледі, театрдың жалпы репертуарлық ұстанымы аясында аударылған пьесалардағы би қойылымдары зерттеледі. Қазақстан хореографиясының эволюциялық даму жолы барысында бірізділікті сақтаған және неғұрлым танымал болғандарды зерттеу барысында ұлттық бидің сахнадағы дамуын кезеңдерге бөліп ұсындық. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік жылдарындағы аса маңызды деп табылған әлеуметтік-бұқаралық қойылымдар зерделенді.

Қортындыда зерттеу нәтижелері шығарылды және бұл тұжырымдардың одан әрі пайдалану жолдары туралы ұсыныстар жасалды.